

**БҮЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2025 жылғы «08» қыркүйек  
Шымкент қаласы

№ 318  
город Шымкент

**«Сынып ӘБ жетекшілерін тағайындау» туралы**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып сынып жетекшілердің жұмысын зерделеу, тексеру және жандандырып жұмыс жүргізу мақсатында **Бұйырамын:**

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсатын жүзеге асыру үшін сынып жетекшілердің Әдістемелік бірлестік жетекшісі тағайындалсын.
2. Сынып жетекшілердің Әдістемелік бірлестік жетекшісі болып төмендегі сынып жетекшілер сайлансын.  
1-4 сыныптар ӘБ жетекшісі - Э.Абдыкалыкова  
5-7 сынып ӘБ жетекшісі - Э.Бактыоразова  
8-11 сынып ӘБ жетекшісі – А.Бектаева
3. Сыныппен тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асырылсын.
4. Тәрбие жұмысының негізгі құндылықтарын басшылыққа ала отырып «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 1-11 сыныптарда жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, 2025-2026 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жылдық тәрбие жоспары 1-11 сыныптарда түзіліп, бекітілсін.

**Сынып жетекшілердің міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
  - сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
  - білім алушыларды топта жұмыс істей білуге баулу;
  - ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
5. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру шеңберінде әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу жобалары («Қамқор», «SMART BALA», «Еңбегі адал - жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Шабыт», «Балалар кітапханасы») жүзеге асырылып, жоғары деңгейде жұмыстар ұйымдастырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры  Нурсейтов Е.К.

Шымкент қаласы білім басқармасының

Коммунальное государственное учреждение

№31 «Терешкова атындағы жалпы  
орта білім беретін мектеп»  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Общеобразовательная средняя школа  
№31 имени Терешковой»  
управление образования города Шымкент

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

**2025 жылғы «08» қыркүйек**  
**Шымкент қаласы**

**№ 317**  
**город Шымкент**

**«Сынып жетекшілерді  
сынып жетекшілігі туралы  
ережелермен таныстыру» туралы**

Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілік туралы ережені бекіту тауралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, Білім туралы Заңының 5-бабы 31 тармақшасына сәйкес **Бұйырамын:**

1. 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап төмендегі пән мұғалімдері сынып жетекшілері болып тағайындалып, сыныптарға бекітілген төмендегі сынып жетекшілер таныстырылып, қол қойылсын.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Қолы
1	Шантаева З.О.	1а	
2	Момбиева Ж.	1ә	
3	Тұрысбек К	1в	
4	Абдикаликова Э.Б.	2а	
5	Досанова И.К.	2ә	
6	Оспан А.Ж.	2в	
7	Мамытова Т.	3а	
8	Айтмаханбетова Г.А.	3ә	
9	Абдураимова У.С.	3в	
10	Еркабаева А	4а	
11	Молдабек Г.	4ә	
12	Абдураимова У.С.	4в	
13	Молдаханова Ұ.	5а	
14	Бакторазова Э.К.	5ә	
15	Стаева Г.С.	5в	
16	Агабекова М	6а	
17	Бекжанова Б.А.	6ә	
18	Ақбердиева Р.М.	6в	
19	Қосалы Н.С.	7а	
20	Ақболат Ж.Ж.	7ә	
21	Мыктыбай Қ.	7б	
22	Шалатева Г.С.	7в	
23	Қуатбекқызы А.	8а	
24	Кенесалы А	8ә	
25	Қаюпова Н.И.	8в	
26	Бектаева А.Т.	9а	

27	Султанкулова А.А.	9ә	
28	Толысбаева Э.	9б	
29	Степанова М.А.	9в	
30	Тажибаева Н.Е.	10а	
31	Абенова А.А.	10в	
32	Нұрмағамбетова М/а	11а	
33	Степанова М.А.	11в	

**2. Жоғарыдағы бекітілген сынып жетекшілер Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы төмендегі ережелермен таныстырылсын.**

/1-тарау. Жалпы ережелер

/2-тарау. Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері

/3-тарау. Сынып жетекшісінің функциялары

3. Сынып жетекшісі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Педагог мәртебесі туралы", басқада Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жұмыстар жүргізіп, ережеге сай іс-шараларды жүзеге асырсын.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



**Е.К.Нурсейтов**

Шымкент қаласы білім басқармасының  
№31 «Терешкова атындағы жалпы  
орта білім беретін мектеп»  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение  
«Общеобразовательная средняя школа  
№31 имени Терешковой»  
управление образования города Шымкент

## БҰЙРЫҚ

2025 жылғы «08» қыркүйек  
Шымкент қаласы

## ПРИКАЗ

№ 319  
город Шымкент

«Сынып жетекшілікті тағайындау және бекіту» туралы

Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілік туралы ережені бекіту тауралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, Білім туралы Заңының 5-бабы 31 тармақшасына сәйкес **Бұйырамын:**

1. 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап төмендегі пән мұғалімдері сынып жетекшілері болып тағайындалып, сыныптарға бекітілсін.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Кабинет
1	Шантаева З.О.	1а	№3
2	Момбиева Ж.	1ә	№11
3	Тұрысбек К	1в	№5
4	Абдикаликова Э.Б.	2а	№2
5	Досанова И.К.	2ә	№9
6	Оспан А.Ж.	2в	№14
7	Мамытова Т.	3а	№9
8	Айтмаханбетова Г.А.	3ә	№3
9	Абдураимова У.С.	3в	№5
10	Еркабаева А	4а	№4
11	Молдабек Г.	4ә	№4
12	Абдураимова У.С.	4в	№14
13	Молдаханова Ү.	5а	№24
14	Бакторазова Э.К.	5ә	№23
15	Стаева Г.С.	5в	№13
16	Агабекова М	6а	№40
17	Бекжанова Б.А.	6ә	№24
18	Акбердиева Р.М.	6в	№8
19	Қосалы Н.С.	7а	№39
20	Ақболат Ж.Ж.	7ә	№31
21	Мыктыбай Қ.	7б	№14
22	Шалатева Г.С.	7в	№6
23	Қуатбекқызы А.	8а	№43
24	Кенесалы А	8ә	№42
25	Каюпова Н.И.	8в	№25
26	Бектаева А.Т.	9а	№39
27	Султанкулова А.А.	9ә	№23

28	Толысбаева Э.	9б	№21
29	Степанова М.А.	9в	№31
30	Тажимаева Н.Е.	10а	№29
31	Абенова А.А.	10в	№24
32	Нұрмағамбетова М/а	11а	№44
33	Степанова М.А.	11в	№27

2. Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен (басқа да заңды өкілдерімен) өзара байланыс орнату және оларды оқумен тәрбие процесіне тарту.
  3. Жоғарыдағы бекітілген сынып жетекшілер Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы төмендегі ережелермен таныстырылсын.
    - /1-тарау. Жалпы ережелер
    - /2-тарау. Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері
    - /3-тарау. Сынып жетекшісінің функциялары
  4. Сынып жетекшісі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Педагог мәртебесі туралы", басқада Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жұмыстар жүргізіп, ережеге сай іс-шараларды жүзеге асырсын.
3. Сынып жетекшісі қызметін жоспарлау және бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:




Е.К. Нурсейтов

Бекітемін:  
Мектеп директоры:  
Е.К.Нурсейтов

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің  
Сынып жетекшілер ӘБ отырысының іс-шара жоспары  
2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p><b>2025-2026 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру</b> <b>Мақсаты:</b> тәрбие үрдісі нормативті-әдістемелік сопровождениені қамтамасыз ету <b>Өткізу түрі:</b> әдістемелік практикум <b>Талқылау үшін сұрақтар:</b> 1.2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту. 2.2025-2026 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативті құжаттарын оқып үйрену. 3.Сынып жетекшінің қызметтік міндеттері. 4. Сыныптың әлеуметтік құжаты (жиналыс)</p>	Тамыз	ДТЖО Сынып жетекшілер, ӘБ жетекшісі
2	<p><b>Балалардың әртүрлі даму кезеңдеріндегі психофизиологиялық ерекшеліктері. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің профилактикасы.</b> <b>Мақсаты:</b>- ата –аналарға әлеуметтік –педагогикалық және психологиялық көмек көрсету; Балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауда көмек көрсету; <b>Өткізу түрі:</b> тәрбие алмасу <b>Талқылау үшін сұрақтар:</b> 1.10-14 жастағы балалардың психофизиологиялық көмек көрсету; 2. Девиантты және аутодиструктивті мінез-құлықты жасөспірімдердің мінез ерекшеліктері (себептер, түрткілер), 3. Сынып жетекшінің зиянды әдеттер мен СӨС мәдениетін қалыптастыру профилактикасы бойынша жұмыс. Практикалық бөлім: рөлдік ойын «Оқушылар, ата –аналар, мұғалімдер»</p>	Қазан	ДТЖО Сынып жетекшілер, ӘБ жетекшісі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
3	<p><b>Сыныптағы тәрбие жұмысының жүйесін моделдеу</b> <b>Мақсаты:</b> Сынып жетекшінің оқушылардың отбасымен жұмысын ұйымдастыруда психолог-педагогикалық құзыреттілігін арттыру. <b>Өткізу түрі:</b> семинар <b>Талқылау үшін сұрақтар:</b> 1.Сынып жетекшілер жұмысын ұйымдастыру. 2.Оқушылар мен ата –аналар жұмысындағы педагогикалық этика <b>Практикалық бөлім:</b> сынып жетекшінің сыныптан тыс</p>	Қаңтар	ДТЖО Сынып жетекшілер, ӘБ жетекшісі Педагог-психолог Сынып жетекшілер

	іс-шараларды ұйымдастыру бойынша тәрбие алмасу.		
4	<p><b>Оқушылардың кәсіби бағдар берудің әлеуметтік қиындықтары.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>-кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың рационалды тәсілдерін іздеу.</p> <p><b>Өткізу түрі:</b>семинар</p> <p><b>Талқылау үшін сұрақтар:</b></p> <p>1.Оқушы жастардың кәсіптік бағдар берудің әлеуметтік қиындықтары: Оқушыларды кәсіби қызығушылықтарының диагностикасы.</p> <p>2. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыс жүйесі.</p> <p>3. Тәжірибе алмасу</p>		<p>ДТІЖО</p> <p>Сынып жетекшілер, ӘБ жетекшісі</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>Сынып жетекшілер</p>
5	<p><b>Тәрбие үрдісі мен тәрбие жүйесі тиімділігінің педагогикалық мониторингі.</b></p> <p><b>Талқылау үшін сұрақтар:</b></p> <p>1.2025-2026оқу жылындағы сынып ұжымының жұмыс қорытындысы.</p> <p>2.Сынып ұжымындағы диагностикалық зерттеулердің нәтижелері: Сынып ұжымының тәрбиелік деңгей диагностикасы:</p> <p>3. ӘБ-тің келесі оқу жылына перспективалық жұмыстары.</p>	Мамыр	<p>ДТІЖО</p> <p>Сынып жетекшілер, ӘБ жетекшісі</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>Сынып жетекшілер</p>

Бекітемін  
Мектеп директоры:   
Е.К.Нурсейтов

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің  
Сынып жетекшілер ӘБ жұмысының жылдық жоспары  
2025-2026 оқу жылы

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.Тәрбие жұмысының жоспарын бекіту 2.Сынып жетекшілер құжаттарын жүргізу туралы. 3.Мектеп формасы жайлы. 4. Мектепте кезекшілікті ұйымдастыру туралы. 5.Сыныптың әлеуметтік құжаты. 6.Демалыс уақытында тәрбиелік іс –шараларды ұйымдастыру және өткізу.	I тоқсан Қыркүйек-қазан	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер
2	1.Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруын жұмысын ұйымдастыру бойынша дөңгелек үстел. 2.Демалыс уақытында барлық сынып оқушыларымен экскурсия ұйымдастыру. 3.Оқушылардың қауіпсіздігі бойынша айлық өткізу туралы. 4. Сынып оқушыларының тәрбиелік деңгейі диагностикасын өткізу.	II тоқсан қараша желтоқсан	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Психолог, Әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілер
3	1.Сыныпта және мектепте оқушылардың өзін –өзі басқаруын ұйымдастыру жұмысы 2.Ата –аналармен жұмыстың жаңа түрлері. Дөңгелек үстел «Сынып пен мектеп өміріндегі ата-аналар» 3.Әлеуметтік педагогтың оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесі туралы баяндамасы	III тоқсан қаңтар-ақпан	Бастауыш сынып жетекшілері
4	Балалар шығармашылық ұйымдары жұмысының қорытындысы. (пікір алмасу) 1.Сынып жетекшілер жұмысының анализі 2.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	IV тоқсан Сәуір – мамыр	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер

### Күн тәртібінде:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша тәрбие құндылықтарын басшылыққа ала отырып тәрбие ұштағанының идеологемалары туралы
2. Адал азамат «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы /ДТЖО Қ.Қалиева/
3. Білім алушыларды жәбірлеудің(буллингтің) алдын алу бойынша «ДОСБОЛЛИКЕ» бағдарламасы
4. Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу, Қауіпсіздік сабақтар туралы Оқушылардың мектепшілік ережесін бекіту туралы.

/ДТЖО Ф.Нұсқабаев /

### Тыңдалды:

Күн тәртібінде қаралған бірінші мәселе бойынша ДТЖО Қалиева Қаракөз Байралықызы сөз алды. Ол өз сөзінде 2025-2026 оқу жылына арналған сынып жетекшілердің тәрбие жоспары қалай түзілу керектігі жөнінде талқылады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша тәрбие құндылықтарын басшылыққа ала отырып тәрбие ұштағанының идеологемалары туралы түсіндірді. Оқу жылында тәрбие жұмысының жоспары 6 құндылық құрылатынын айтып тыныстырды. Әр сынып жетекші осы аталған бағыт бойынша жылдық жоспар түзіліп, бекітілуі тиіс деп ескертті. Білім беруде оқыту мен тәрбие ұштасып жатады, ал тәрбие жұмысын сынып жетекшісінің іске асыру мүмкін емес. Сондықтан да тәрбиелеу процесінде сынып жетекшісінің рөлі аса зор. Сондықтан әрбір сынып жетекшісі өз сыныбының тәрбиесін қандай бығытта тәрбиелеу тиімдірек екенін ескере отырып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру шеңберінде әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу жобалары («Қамқор», «SMART BALA», «Еңбегі адал - жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Шабыт», «Балалар кітапханасы») жүзеге асырылып, жоғары деңгейде жұмыстар ұйымдастыру керектігі түсіндірілді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ДТЖО Нұсқабай Ғалымжан Артықұлы сөз алды. Ол өз сөзінде оқушылардың мектепшілік ережесімен таныстырып, бекітілген ережені орындау міндеті түсіндірілді. Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу, Қауіпсіздік сабақтар туралы нақты түсіндіріп, тапсырма берілді. Мектепшілік тәртіп оқушылар мен мұғалімдер және басқа да мектеп жұмыскерлері арасындағы адамгершілік қасиеттерді құрметтеу негізінде қаланады. Сынып жетекшілерге білім алушыларды жәбірлеудің(буллингтің) алдын алу бойынша «ДОСБОЛЛИКЕ» бағдарламасын таныстырды. Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) қолайлы әлеуметтік психологиялық әл-ауқат құру бойынша білім беру ұйымының әкімшілігі педагогтері мен қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру, сыныптарда жалпы білім беру ұйымдарында әлеуметтік психологиялық климаттың диагностикасын тұрақты жүргізу, білім беру ұйымында буллингке қарсы команда құру, тағы басқа да түрлерін айтып түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе қаулы шығарылды.

### Қаулы:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша тәрбие құндылықтарын басшылыққа ала отырып жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Оқушылардың мектепшілік тәртіп ережесі таныстырылды деп табылсын.
3. Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу, Қауіпсіздік сабақтардың орындалуы жоспарлы түрде жүзеге асырылсын.

Мектеп директоры:  Е.К.Нурсейтов

ДТЖО:  Ф.А.Нұсқабай

Хатшы:  Н.Сартаева





Жалпы сынып жетекші саны – 33  
Педагог-психологтар: Қошқарбаева А  
Мектеп инспекторы - Э.Абдурахманова  
ДТДКО- Ф.Нұсқабаев, Қ.Калиева

### Күн тәртібінде:

1. Сынып жетекшілер жұмысының жүргізілуі туралы
2. «Қауіпсіздік ережелері», «Мектеп ережесі» туралы жұмыстың жүргізілуі сапасы
3. Сыныптар бойынша көп балалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларын анықтау және материалдық т.б жағынан көмек қажет ететін балаларды ұсыну.

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Калиева Қаракөз Байралықызы сынып жетекшінің міндеттері мен сынып ұжымымен жасалынатын жұмыс әдістемесі туралы айтты. Сынып жетекшісінің бірінші міндеті жұмыс мазмұнына байланысты. Бір мақсатқа ұмтылған, ынтымақты оқушылар коллективін топтастыру сынып жетекшісі қызметіндегі басты және негізгі бөлім болып табылады. Коллективті түрде жұмылып, атқаратын жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру арқылы іске асырылады. Оқушыларды топтастыра отырып, сынып жетекшісі оқу-тәрбие міндеттерін шешуге жақсы жағдай жасау керек деді.

Сынып жетекшісі тек өзінің беделімен ғана емес сонымен қатар қоғамдық пікірді қалыптастыру жолдарымен де оқушыларға ықпал жасайды. Балалар коллективін құру мен топтастыру – мұғалімдердің және ең алдымен, сынып жетекшілерінің маңызды міндеті. Егер коллектив құрылса кез келген тәрбие міндеттерін шешу әлде қайда жеңіл болады. Оқушылар коллективін тәрбиелей отырып, сынып жетекшілері әр оқушының жеке басын қалыптастырады. Сынып жетекшісі оқушылардың өз әрекеттілігі мен инициативасына сүйенеді. Тәрбиеші беделі қаншама жоғары болса да, ол әрбір дұрыс ұйымдастырылған коллективтің ықпалын ауыстыра алмайды. Табысты тәрбие жұмысынсыз коллективті топтастыру мүмкін емес. Тек коллектив арқылы сынып жетекшісі мектеп оқушыларының оқу міндеттеріне, қоғамдық пайдалы еңбекке, көзқарастарына ықпал етеді. Жақсы ұйымдасқан және топтасқан коллективтің әсерімен оқушылар саяси, адамгершілік және мәдени жағынан өседі. Мектеп оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсартуға қамқорлық жасайды, ата-аналардың барлық жұртшылықты қатыстырады. Оқушылар ұжымы әртүрлі шараларды ұйымдастыру процесі арқылы құрылады, дамиды, нығаяды. Мұндай шаралар ұжым өмірін мағыналы әрі қызықты етеді. Егер бірлескен іс болмаса, онда ұжымды топтастыру мен дамыту үшін адамгершілік тәрбиесін жинақтаудың қажетті жағдайлары болмайды. Ұжымды топтастыруда оқу процесін тиімді түрде ұйымдастыру маңызды. Ұжымның топтасуына түрлі қоғамдық тапсырмаларды орындау да көмектеседі. Тапсырмалар сынып пен мектеп қажеттілігіне қызмет көрсетумен байланысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Еңбекші ПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры Элмира Абдурахманова сөз сөйлеп қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды жандандыру керек деді, жолда бала сақ жүруіне, абай болуына ата-аналарға үгіт-насихат жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ оқушылардың мектеп ережесін орындау үшін қадағалауды сынып жетекшілерге тапсырды. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылатындығын өз сөзінде

